

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ**

ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы

Д Ә Р І С

Тақырыбы: ЕЖЕЛГЕ РИМДЕГІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

**Кафедра мәжілісінде талқыланып,
мақұлданған: 2016 ж. «__» қыркүйек
№ __ хаттама**

**Дайындаған: кафедра аға оқытушысы
полиция капитаны И.М. Искаков**

ҚАРАҒАНДЫ 2016

ЕЖЕЛГЕ РИМДЕГІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

ЖОСПАР:

1. Рим құлиеленушілік мемлекетінің пайда болуы және оның дамуының негізгі кезеңдері.
2. Сервий Туллідің реформалары. Рим аристократиялық республикасы мен империясының мемлекеттік механизмі.
3. Рим құлиеленушілік құқығы, қайнар көздері, институттары.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

- Биекенов Н.А., Сәлкебаев Т.С., Сейдіғалиев Т.Р. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. Қарағанды., 2005
- Сейдіғалиев Т.Р., Искаков И.М. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқу құрал. – Қарағанды., 2015
- Булгакова Д.А., Истаев А.Ж. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы., 2008
- Всеобщая история государства и права в схемах. Древний мир. - М., 1996
- Бонгард - Левин Г.М. Индия эпохи Маурьев. М., 1973
- Васильев Л.С. Курс лекций по Древнему Востоку. М., 1985
- Всеобщая история государства и права./ Под ред. Батыра К.И.. М., 1996
- Дьяконов И. М. Общественный и государственный строй Древнего Двуречья.
- История государства и права зарубежных стран./ Под ред. Жидкова О.А. и Крашенинниковой Н.А. ч.1., М., 1988
- Мұхтарова А.Қ. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Алматы, 2005
- Крашенинникова Н.А. История права Востока. М., 1994
- Лаурье И.М. Очерки древнеегипетского права 16-10 вв. до н.э. Л., 1960
- Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран. М., 1984, с.12-34
- Шапақ Ү.Ш., Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқу құралы. Астана., 2005
- Черниловский З.М. Всеобщая история государства и права. М., 1996

Кіріспе

Рим жеке құқығы өзінің қалыптасу саиысында үш сатыны басынан кешірген. Олар бірінші саты классикалық рим құқығына дейінгі дәуір, ежелгі уақыттан б.д. I ғасыр аралығын қамтиды. Бұл дәуірдегі қоғамдық қатынастар патриархаттық нормалармен реттелген. Екінші кезең классикалық рим құқығы дәуірі, б.д. I ғасырынан б.д. III ғасырлар аралығын береді. Бұл кезең Рим империясының дәуірлеу кезеңі болып табылады. Үшінші кезең абсолюттік монархия кезеңі, б.д. III ғасырынан бастап б.д. VI ғасырымен аяқталады. Бұл кезеңде Рим мемлекеті нормаларын жүйелеу мен кодификациялау жұмыстарыкеңінен жүзеге асырылған.

Рим – алғашқыда Ежелгі Италиядағы қауым, кейін бүкіл Аппенин түбегін өзіне қаратқан құл иеленуші қала – мемлекет, ең ақырында Европаның бірсыпыра бөлігін, Солт. Африканың теңіз жағалауларын, Египетті, Кіші Азияны, Сирияны құрамына қосып алған Жерорта теңізі бойындағы құл иеленуші мемлекет. Ұзақ уақыт бойы Рим қаласы Палатиндегі ежелгі қоныстан өсті деп есептеліп келді. Бірақ соңғы кездерде көптеген зерттеушілер қала төбелердегі бекіністі қоныстардың бір – біріне қосылуы нәтижесінде пайда болған деген тоқтамға келді. Археологтар Рим форумы осы қоныстардың ортақ орталығы ретінде б.ғ. – дың алғашқы он жылдығында пайда болды деп есептейді. Археологиялық материалдар рим территориясын мекендеген халықтардың этникалық әр текті болғаны туралы аңызды да дәлелдеді. Аңыздарға қарағанда, 8 – 6 ғ. басында Римді бірінен соң бірі жеті патша: Ромул Нума, Помпилий Тулл, Гостилий, Анк Маркций, Тарквиний Приск, Сервий Туллий және Тэкаппар Тарквини билеген. Соңғы үшеуі – 7 ғ. – дан 510/509 жылға дейін Римде үстем болған этрус әулетінің өкілдері. Қоғамдық топтар мен мемлекеттік аппараттың қалыптасуы патшалық кезеңнің ақырында аяқталғанымен рулық құрылыс ұзақ уақыт бойы сақталды. «Рим халқы», яғни Римнің толық құқылы тұрғындары руларға, куриялар мен трибтарға бөлінді. Алғашқыда «Рим халқына», шамасы, патрицийлер ғана жатқан. Ал Римнің рулық ұйымынан тыс тұрғындар плейбейлер деп аталды. Плейбейлердің патрицийлермен теңсіздігі және патрицийлердің өзара мүліктік және әлеуметтік жіктелуі Римде әлеуметтік қатынастардың ерекше нысаны – *клиентеланы* туғызды. Куриялар бойынша өткізілген халық жиналыстарына патрицийлер ғана қатысты.

Римнің әлеуметтік құрылысы.

Рим жергілікті патриархалдық қауымға жататын. Патрицийлер ру, курия және трибаларға бөлінетін. Рим үш трибаның одағы болатын. Бір курия он рудан, триба он курияден тұратын. 3 трибаның әрқайсысы жүз рудан, ал бүкіл қауымның халқы үш жүз рудан құралатын. Ру бірлестіктеріне кіретін азаматтар өз әскерлерін құратын, халық жиналысына қатынасып, қауымның алғашқы мүшелері болып саналатын. Алғашқы толық құқықты азаматтықты тек патрицийлер иеленді.

Әрбір рудың аты болды. Рудың басшысы ақсақал кеңесіне, атап айтқанда сот қызметін жүзеге асыратын санаға енді. Ең басында Рим қауымы 300 рудан тұрғандықтан, ежелгі сенат 300 сенатордан тұрды. Сенат өмірлік көсемді сайлады. Патша Сенаттың төрағасы болып, бүкіл қауым атынан құдайға құрбандық берді және "легиондарды" басқарды. Ең маңызды мәселелер курияның, рудың халық жиналысында қойылып отыратын.

Патрицийлерге қарсы плебейлер күресінің ең ірі нәтижесі рулық-тайпалық қатынастардан құл иеленушілік мемлекет құруы болды. Плебейлер-Рим аумағына көшіп келген адамдар. Олардың құқықтары шектелген болатын. Оларға патрицийлермен неке қиюға, жер сатып алуға, әскерге қатысуға болмайтын. Өздерінің жағдайларын жақсарту үшін плебейлер патрицийлермен күресті. Плебейдің жеңісі ескі рулық құрылысты өзгертті де, оның орнына мемлекет құрылды. Мұның ішінде рулық аристократия мен плебей кешікпей мүлде жойылып кетті.

Сервий Тулий реформалары. Б. д. д. VII ғасырда Сервий Тулий патша Римде саяси және экономикалық реформа жүргізіп, плебейлердің жағдайын жақсартты. Ол плебейлерді халық жиналысына қатыстыратын болды. Азаматтардың куриялары және ежелгі жиналысымен қатар плебейлерді Рим жасағы қатарына да ресми жіберуге жол берген Сервий Тулийдің реформалары. Жауынгерлер центуриаттың комицияларын құрды. Жауынгерлер мүліктік белгілеріне сәйкес бес топқа бөлінетін. Байлық мөлшері аспен саналды. 1. 100000 асс, 2. 75000 асс, 3. 50000 асс, 4. 25000 асс, 5. 11000 асс. Одан кемі - пролетарийлер. Сонымен, бірінші топқа мүлігі 100 мың жез асыларға бағаланған неғұрлым ауқатты азаматтар жатқызылады. Олар толық қару-жарақтанған 18 атты және 80 жаяу әскер жүздігін беруге міндетті болды. Центуриат комицияларында дауыстар жүздіктер бойынша берілді. Бір жүздік бір дауысқа ие болды. Сұрақ қою бірінші топтың азаматтарынан басталды, олар 193-тен 98 дауысқа ие болды. Ал қалғандарының 95 қана дауысы болды. Сонымен, халықтың ең ауқатты бөлігінен тұратын бірінші топтың жүздіктеріндегі адам саны небары оншақты еді. Керісінше, соңғы топ жүздіктерінде азаматтардың саны жүзден едәуір асып, ал ақырғы центурияда 4 мыңға дейін жетті. Сонымен дұрыс шешілсе, 1 топ шешімі дұрыс және қуатты болып шығады. Олар 193 дауыстан 98 дауыс береді. Басқа топтар дауыс беруге қатыспаса да болатын, өйткені олардың дауыстарының ешқандай қажеті жоқ еді.

Сервий Тулий реформалары Рим патрицийлері арасында наразылықтар туғызды. Осыны пайдаланып Тарквиний Суперб өзінің алдындағы патшаны

өлтiрген. Бiрақ бiраз уақыт өткен соң өзiнiң зорлығымен және қаталдығымен Тарквиний жалпы жұрттың наразылығына ұшырады. Б. д. дейiнгi 510 жылы Рим халқы патшаға қарсы көтерiлiп, оны Рим жерiнен қуып шығарды. Ең кедей азаматтар ақырғы центурияға бiрiктiрiлдi. Бұл "пролес" яғни "балаларынан, тұқымдарынан басқа ештеңесi жоқ адамдар" едi. Оларды әскери қызметке жiбермедi. Сервий Тулийдiң жүргiзген реформасы Римнiң әскерiн күшейтiп, плебейлер мен патрицийлердiң құқығын теңдедi. Реформадан кейiн патрицийлер бәрi жоғарғы билiктегi мiндеттердi өздерi иелендi және жер алу құқығын сақтап қалды. Плебейлер мен патрицийлердiң өзара қатысы мұнымен шектелген жоқ. Сырттай ескi трибаларға бөлудi сақтай отырып, Сервий Тулий трибаларды ежелгi ру одағынан аумақтық бөлiнiске айналдырды. Ол бұрын әкiмшiлiк округтарда ғана болған 4 аумақтық трибалар құрды. Кейiн осындай трибалардың саны бiртiндеп өсiп, б. д. дейiнгi 1 ғасырда 35-ке дейiн жеттi.

Рим аристократиялық республикасы. *Мемлекеттiк құрылысы.* Б.д. дейiнгi V-VI ғасырлар бойында патрицийлiк аристократиялық республика конституциясының бiрте-бiрте қалыптасып, даму процесi өрiстедi. Б. д. д. 510 жылы Римде республика құрылды. Патшаның орнына 2 консулды сайлайтын болды. Рим республикасының тарихы 500 жылдан асады. Бiрақ Римде республика құрылғанымен, қоғамдық құрылыста айтарлықтай өзгерiстер бола қойған жоқ. Рим ерте республикалық кезеңде полис, яғни, еркiн құл иеленушiлiк сипатындағы азаматтық қауым болып қалды. Рим халқы егiншiлiкпен, мал шаруашылығымен шұғылданды. Римдiктер астық дақылдарын, жүзiм, зәйтүн егiп, өсiрдi, бақша шаруашылығымен шұғылданды. Диқандар темiрдi еңбек қаруы ретiнде қолданды. Олар iрi және ұсақ қара мал, шошқалар өсiрдi.

Б. д. д. V-III ғ.ғ. Рим мемлекеттiк құрылысының тұжырымдалу процесi жүрдi. Мемлекеттiк өкiмет органдары-халық жиналыстары, магистратуралар, Сенат болатын. Рим республикасының жоғарғы мемлекеттiк органы б. д. дейiнгi 1 ғ. басына дейiн 300 адамнан тұратын Сенат едi. Сенаторларды цензорлар тағайындайтын. Сенаторлардың көбi өмiр бойына сенатор болып қалды. Кез келген адам сенатор бола алмайтын. Ақсүйек рудан шыққан, жасы 60-қа толған, әуелi диктатор, консул яғни, претор болып iстеген адам ғана бұл лауазымға сайлана алатын.

Сенат заң қабылдамайтын, бiрақ ол заңды талқылау құқығын иеленген едi. Бұл функцияны ол жаңа заң қабылдағандай шебер қолдана бiлдi. Сенатты магистраттар ғана шақыра алатын. Мәжiлiстерге төрағалық етушi Сенаттың қызмет бабы өте жоғары едi.

Ол мемлекет мүлкiне басшылық жасады, қазынаға иелiк еттi, бюджеттi, салықты белгiледi. Ол комиция қаулыларын, ол сайлаған қызмет адамдарын бекiтiп, сыртқы саясатқа басшылық етiп, дiни тәртiбiн бақылады.

Сенат республиканың әскери өмiрiн басқарды. Жауынгерлердi жинау мерзiмiн, әскерлер контингентiн, әскери бастықтар өкiлдiгiн белгiледi. Бақылау мақсатын көздеп, елшiлерiн өзi соғыс жүргiзiп жатқан магистратқа

жіберіп отырды. Рим Республикасының аристократиялық ерекшелігі Сенаттың рөлінен-ақ көрініп тұрды. Сенаттың ықпалы орасан зор болды.

Аристократиялық республика халық демократиясының көп белгісін сақтап қалды. Халық жиналыстары - сол демократияның бір көрінісі. Ең маңызды мемлекеттік органдары - халық жиналыстары. Олар комиция деп аталды. Римде комициялардың үш түрі бар.

Куриялар жиналыстары (комициясы). Римде ежелден келе жатқан комиция жиналыстары болатын. Бұған үкіметтің жоғарғы иесі, әкесі мен шешесінің азаматтық құқығы бар, толық құқылы Рим азаматтары (патрицийлер) жататын. Рим азаматтары халық жиналысына қатысып, мемлекеттік қызметке алынып, жеке меншікке ие болып, Рим әскерлерінде қызмет ете алатын.

Халық жиналыстарының тағы бір күрделі түрі - центуриаттық комициялардың маңызы зор болды. С. Туллий жүргізген реформадан кейін олардың саны 193-ден-373 дейін көбейді. Центуриаттық жиналыс патрицийлер мен плебейлердің жиналысы болатын. Бұл жиналыстарды жоғарғы қызмет адамдары қаланың шетінде, Марс алаңында шақырды. Магистрат жиналыс алдында шешілетін мәселені қойып, дауыс беру ісін жүргізуді биледі. Алғашқы дауыс беру центурия ішінде өтті. Әрбір центурия бір дауыстан беретін. Центуриат жиналысының қызметтік ықпалы күшті болатын, біріншіден олар қабылдайтын, центуриат комициялары Рим халқының еркін білдірді. Олар жоғарғы қызмет адамдарын - консулдарды, преторларды, цензорларды сайлады. Соғыс жариялау және бітім жасау мәселелерін шешті. Комиция қабылдаған заңдарды бекітті.

Қатты жазаға ұшыраған азаматтардың шығымын қарайтын 12 тақтаға жазылған заңдарын қабылдау Рим плебейлерінің үлкен жеңісі болды. Патриций мен плебейге ортақ заңдар плебейлерді патрицийлердің жүгенсіздігінен қорғауға тиісті болды. Эдилдер плебей трибундардың көмекшілері болды.

Б. д. д. 445 жылы Канулейдің заңы қабылданды. Ол плебейлерге патриций әйелдерге үйленуге рұқсат етті. Б. д. дейінгі 409 жылы плебейлерді квестор етіп сайлайтын болды. Кейін оларды-367 жылы-консул, 364 жылы-куруль эдилі(курульный эдил), 366 жылы-диктатор, 351 жылы-цензор, 337 жылы-претор ретінде сайлап қоятын болды. Б. д. д. 287 жылы Яникуль төбесінде плебейлердің ақырғы жиналысы болды. Плебейден шыққан диктатор Квинт Гортензий халықты тыныштандыру үшін, трибут комициялардың шешімі бойынша жалпы мемлекеттік заңдары болатындығын тағы да растайтын заң шығарды.

Рим халқының төменгі жігі құлдар болды. Бұлардың көбі соғыс тұтқындары еді. Басқалары көршілес тайпалардан немесе осында келген құл сатушылардан сатып алынатын. Құлдарды толықтырып отырудың маңызды көзі - кіріптарлық, құлдық болды.

Өнер мен сауданың дамуы Рим плебейлердің жіктелуіне әкеліп соқты. Плебейлер арасынан сауда-қолөнер шонжарлары шықты. Екінші жағынан плебейлер саны өсті. Плебейлердің патрицийлермен нарықтық тұрғыдағы

күресі жер үшін күрес болды. Кедейленген плебейлердің кіріптарлығын жою талаптары күресті қиындата түсті. Б. д. д. V-VI ғасырларда плебейлер нарықтық және саяси қатынастарда патрицийлермен теңдік жолындағы ұзақ күреске кірісті. Олар патрицийлер ие болып отырғандай азаматтық құқықтарды, магистратураларды, Сенаттан орын алу құқықтарын талап етті.

Плебейлердің патрицийлермен күресінің басталуы б. д. д. 494 жылға жатады. Эквалармен соғыс кезінде ауыртпалық тартқан плебейлер Рим әскерлеріне қызмет етуден бас тартты да, Римді тастап, Әулиетау үстіндегі лагерьде тұрды. Плебейлердің Рим әскерін тастап кетуінен шошынған патрицийлер оларға кеңшілік жасауға мәжбүр болды. Плебейлердің дербес ұйымдасу құқығы танылды. 493 жылдан бастап олардың өз ортасынан б. д. д. олар екі лауазымды адамды халық трибундарына сайлай алды. Трибундар сенат пен магистраттардың плебейлердің мүдделеріне қайшы келетін шешімдеріне тыйым (вето) салу құқығын алды. Сонымен, олардың міндеті плебейлерді патрициан магистраттары мен сенаттың жүгенсіздігінен қорғау болды. Алғашында 2 трибун, содан соң 4, ал кейінірек 10 трибун сайланды.

Б. д. д. 449 жылы 12 тақтаға ойылып жазылған заңдар форумға қойылды. Атам заманғы патрицийлермен қатар Римде еркін халықтың тобы-плебейлер де пайда бола бастады.

Плебейлер патрицийлердің рулық бірлестіктеріне кірген емес. Ежелгі заманда жер иеленуге құқығы болмады. Бұлардың көпшілігі қолөнермен және саудамен шұғылданды. Плебей азаматтық құқықтарға көп қол жеткізе алмады. Бірақ уақыт өткен сайын оларды Рим әскери жасағының құрамына енгізетін болды. Плебейлердің салық төлеп, әскерге қызметке араласуы нақты көрініске айналды.

Плебейлердің қалай пайда болғаны бірнеше болжам бар. Қазіргі зерттеушілердің пікірі бойынша, плебей халқының тегі ішінара еркін қоныс аударушылардан, ішінара еркіндікке жіберілген құлдардан, Римде қоныс тебуге римдіктер зорлап көндірген кейбір көршілес шағын қалалардың тұрғындарынан құралды.

Комициялардың үшінші түрі-трибут комициялары. Олар триба бойынша жиналатын. Олар центуриат комициялармен салыстырғанда демократияға неғұрлым бейім болды. Өйткені, бұл комицияларға өздерінің орнына қарамай барлық рим азаматтары қатысты. Трибут жиналыстары әдетте заң-жоба мәселелерін шешті, төменгі қызмет адамдарын сайлады, кейбір қылмысты істерді талқылауға салды.

Трибут комициялары 35 болатын. Олар кейбір заңдардың жаңа жобасын талқылап, плебей трибундарын сайлады.

Римде халық жиналыстарының жүйесі демократиялық негіздерде құрылмаған еді. Рим халқының жиналыстарын тек магистраттар ғана шақыруға құқылы болды. Бірде-бір халық жиналысында заңдық бастама болған жоқ. Басқыншылық соғыстардың нәтижесінде Рим республикасы орасан зор мемлекетке айналды. Оның иеліктері бүкіл Аппенин түбегі кеңістігінде ғана емес, сондай-ақ одан әлдеқайда сырт жерде бытырап, Рим б.

д. дейін үлкен қалаға айналды да, Жерорта теңізінің аса маңызды саяси орталығы болды.

Жеңіп алған елдерден Римге көп құл әкелініп жатты. Сөйтіп олар жеке меншіктерге сатылды. Римде "нобиль"- деп аталатын жаңа топ пайда болды. Олардың дүние мүлкі 1 млн. сестерция болып болжамдалды. Олардың латифундияларына рим шаруалары жұмыс істейтін. Шаруалар құлдың арзан еңбегімен бәсекеге түсе алмады.

Қоғамдық қайшылықтардың шиеленіскені соншама, көптеген саяси қайраткерлер үшін әлеуметтік қайшылықтардың жаңадан бұрқ ете түсу қаупі айқын білініп отырды.

Империя кезеңіндегі мемлекеттік құрылыстың ерекшеліктері

Рим республикасының әскери жүйесі б. д. дейінгі IV ғасырда қауымның көршілес халық топтарымен үздіксіз соғыстары жағдайларында қалыптасты.

Алғашында Римдегі бүкіл жоғарғы қызметтері консул деп аталды. Кейінірек екі консулдың әрқайсысы өз легионын басқарды. Римде әскери милицияның жүйесі құрылды. Әскерде жасы 17-ден 46-ға дейінгі ер адамдар қызмет етті, 46-60 жастағы ер адамдар резервте тұрды. Консулдар халық жиналысында белгіленген күні цензор жасаған тізім бойынша алдын ала жауынгерлерді жиыстыру ісін жүргізді. Легионерлер армияда жалақы алды.

Халық трибундары жыл сайын трибут жиналыстарында сайланды. Трибундардың жеке басы жалпы мемлекеттік маңызға ие болды. Әрбір халық трибуны сенаттың немесе қызмет адамының шешімдеріне вето сала алатын, яғни, өзіне қолайсыз әрекеттерді тоқтата алатын.

Трибун қызметі б. д. дейінгі 494 жылы патрицийлер мен плебейлердің күресінен кейін пайда болды. Трибундардың саны 2 миллионға дейін жетті. Олар триба бойынша халық жиналыстарын шақырып, оларда төрағалық ете алатын. Трибундардың өкілеттігі тек Рим мен оған шектес жатқан жер белдеуіне ғана жүретін.

Төменгі магистраттар. Эдилдер қаладағы тәртіпті қадағалады, қала сақшыларына басшылық етті, көркейту істерін бақылап отырды, азық-түлікпен үздіксіз жабдықтауға жауап берді, халық мерекелерін ұйымдастырды және өрт сөндірушілер қызметін орындады.

Квесторлар - бұлар төменгі магистраттар қатарынан саналды. Олар трибут комицияларында сайланды. Квесторлар консулдардың көмекшілері, олардың міндеттері анықталмаған. Олар қазынашы міндеттерін атқарды, Провинция наместниктерінің көмекшілері болды, әскери қазынаны басқарып отырды.

Магистратура-экстраординарлы /төтенше/ және ординарлы болып бөлінеді. Экстраординарлы магистратор /диктатор, триумвилер, децимвиллер/ мемлекетке қандай болсын қауып төнген /жау шапқанда, азамат соғысында/ ерекше жағдайларда сайланады немесе тағайындалады. Диктаторды тағайындау туралы Сенат қана шешім шығара алатын. Кейде

центуриаттық комициялардың диктаторды тікелей тағайындау құқығы болды, диктатура алқалық емес бірден-бір магистратура еді. Диктатордың алты ай бойында билігі болды, сотқа тартыла алмайтын, халық трибундарының вето әрекеті жүрмейтін. Шаруалардың сәтсіздікке ұшыраған себебі - олардың күресін плебейлер қолдаған жоқ. Құлдардың көтерілісі де сәтсіздікке ұшырады. Өйткені ол кетеріліс құл иелену жүйесінің ең жоғарғы кезеңінде рим мемлекетінің күшейіп тұрған кезінде өтті. Құлдар өздеріне құл иеленушілік жүйені бұзамыз деп мақсат қоймады және олардың көтерілісі ұйымдасу сипатта болған жоқ. Көтерілісті еңбекшілер бұқарасы да қолдамады.

Рим мемлекетінің ішкі қайшылықтарынан басқа сыртқы да қайшылықтары болды. Басып алған аймақтармен үнемі жауласу процесі байқалды. Ол құбылыс б. д. дейінгі I ғасырда жиіленді де, Рим мемлекетінің аумағы үлкейіп, дүниелік империяға айналды.

Рим мемлекетінің нарықтық және саяси өміріндегі өзгерістер жаңаша басқару нысанын қажет етті. Таптар күресінің шиеленісуі, тоналған халықтардың бостандыққа ұмтылуы үстем таптың демократиялық институттарды ауыздықтауына алып келді. Құл иеленушілердің бір тобы республиканы сақтап қалуға тырысты.

Оптиматтар мен популярдың арасында таптық күрес басталды, оптиматтар нобильдердің, популярлар еркін халықтың мүдделерін қорғайтын.

Рим мемлекеті республика түріндегі өскен қала қауым түріндегі үлкен аумаққа үстемдігін сақтап қала алмады.

Цензорлар. Екі цензорды бес жылда бір рет 18 айға центуриат комициялары сайлады. Олар әрбір 5 жыл сайын ценз жүргізді: барлық азаматтардың тізімін алды, жекелеп сұрастыру жолымен әрбір азаматтың мүліктік жағдайын анықтады, оны тиісті мүліктік топқа жатқызуға трибаға алды. Цензорлар бес жылға саудаласып, мемлекеттік мүліктен түсетін кірістерді және баж салықтарын жинау құқығын жүргізді. Рим азаматтарының ғұрып тазалығын қадағалау да олардың міндетіне жатты. Цензорлар әдетте бұрынғы консулдардан сайланатын.

Преторлар сот істерін жүргізіп, провинцияларды басқарды. Олар консулдарды алмастырып отырып, сенаттың тапсырмасы бойынша легионды да басқарды.

Рим магистраттары мынандай түрге бөлінеді:

- 1)Экстраординарлы (төтенше)
- 2)Ординарлы (консул, цензор, трибун)
- 3)Жоғарғы
- 4)Төменгі

Жоғарғы магистратураға 2 консул, преторлар, цензорлар, халық трибундары жатқызылды.

Консулдар. 43 жастағы ер адамдар ғана консул болуға құқылы. Консулдың қасында жүретін нөкерлері 12 ликтордан тұратын. Рим республикасының жоғарғы қызмет адамдары жыл сайын центуриат

комицияларымен сайланды. Олар әскери және азаматтық міндеттерін өтеуге тиісті болды. Консулдар әскери қызметкерлерді жинап, әмір беретін жоғарғы әскери трибундардың бір бөлігін тағайындайтын.

Азаматтық өкімет билігіне ие бола отырып, консулдар сенатты, халық жиналысын шақыра алды, олардың шешімін орындады, қызмет адамын сайлау жұмыстарына басшылық етті. Консулдардың біріне дара өкімет билігін беру туралы мәселе жеребе бойынша келісілетін. Бірақ ұсынысты талқылау немесе өзгерту құқығы болмады, Центуриат жиналыстарына қатысушылардың жағдайын анықтайтын ценздік принцип демократиялық емес еді. Атқару үкіметінің билігі магистраттарға берілген еді. Оларға халық жиналысы мен бір жылға сайланған қызмет адамдары кірді. Бұл қызметті әрбір рим азаматы формальды түрде атқара алғанымен, тек бай адамдар ғана магистрат бола алатын. Олар серіктес азаматтарға сый-құрмет көрсетіп, сыйлық тарату үшін қаржы жұмсауға тиіс болды. Магистраттың кейбір міндеттерін орындау да шығынды керек етті.

Рим магистраттары мәселені алқа болып шешетін. Жеке магистр дербес құқыққа ие еді. Рим магистраттары тек ұжымдық түрде әрекет жасап, бір ауыздан шешім қабылдай алатын.

Б. д. дейінгі 133 жылы трибун болып сайланған Тиберий Гракх жаңа заңның жобасын ұсынды. Бұл заң бойынша жерге қожалық етуге шек қойылды: бір жер қожалық 1000 югерден көп болмайтын болды, бір отбасына 250 гектардан келді. Қалған артық жерді ол жері аз немесе жері мүлдем жоқ шаруаларға бөліп беру керек деген ұсыныс жасады. Сенат бұл заңды қабылдамай, қарсылық білдірді. Тиберий бұл заңды өткізу үшін Рим конституциясын үш рет бұзды: ол екінші трибун Октавий орнынан алынсын деген талап қойды; реформаға қанша ақша керектігін Октавийдің өзі шешетін болсын деген өтініш білдіріп, өзі келесі мерзімге трибун болып сайланғысы келді. Халық Тиберийді жақтады. Бірақ Тиберий диктатураға ұмтылады деген желеумен Сенат оны өлтіруді ұйымдастырды. Тибериймен бірге 300 жақтаушысының да көзі жойылды. Бірақ шаруалар аз да болса жер алды. Тиберийдің саяси жолын оның ағасы Гай Гракх жалғастырды. Гай өте ақылды адам болатын. Ол көптеген жақсы заң қабылдады. Ол қабылдаған заң бойынша плебейлерге нан арзан ақымен сатылды. Ол соттың жұмысын өзгертті. Гай қабылдаған заң бойынша жаңа сот комициясы құрылып, бұл комиция провинциядағы қызмет адамдарының теріс жұмыстарын тексеретін. Римнің аристократ адамдары Гайға қарсы шығып, оның қабылдаған заңын бұзды. Жауларының қолына түспеу үшін Гай құлына өзін өлтіртті. Ағайынды екі Гай қайтыс болғаннан кейін олардың істеген жұмысын жоятын жаңа заңдар қабылданды.

Құлдық өндіріс тәсілінің дамуы құлдың санын көбейтті, оларды қанау күшейді. Құлдардың жұмыс күші кәсіпорындарда, жеке меншік кәсіпорындарда және латифундияларда, үй шаруашылығында пайдаланылды. Құлдар латифундияларда қатты қанауға түсті. Бұл жағдай құлдарды көтеріліске шығуға мәжбүрледі. Ірі латифундиялардың пайда болуы шаруалар мен қолөнершілерді кедейлендіріп, пролетариатқа айналдырды.

Оларға жұмыс табылмады. Өйткені, жұмыстардың бәрін ірі көсіпорында құлдар істейтін. Бұл жағдай басы бос азаматтар мен құл иеленушілердің қарым-қатынасын шиеленістірді. Шаруалар ірі жер иелерінің бәсекесіне төтеп бере алмады. Ірі жер иелері оларға қарағанда нанды арзан сататын.

Республиканың құлауы. Принципат жүйесінің шығуы. Принципат. Доминат. Римде монархия орныққанға дейін бірнеше адамның диктатурасы үстемдік етті. Б. д. дейінгі 88 жылы сенат Сулланы шексіз уақытқа диктатор етіп жариялады. Өкімет басына келген соң, Сулла өзінің дұшпандарын аяусыз жазалай бастады. Диктаторлық өкілеттігін пайдалана отырып, ол оптиматтардың толық үстемдігін қамтамасыз етуге ұмтылды. Римнің мемлекеттік құрылысының түгелдей қайта ұйымдастырылғаны осы кез. Оның жарлығы бойынша мемлекетке басшылық ететін орган құрамында 600 мүшесі бар Сенат болды. Сенат негізінен Сулла армиясының әскери бастықтары қатарынан толықтырылды. Сенаттың сот функцияларын ұлғайту үшін, одан түрлі сот комиссиялары бөлініп шығарылды. Магистратуралардың, әсіресе, квесторлардың саны шұғыл артты (8-ден 30-ға дейін). Магистратуралық қызметті 30 жасқа келген адамдар ғана иелене алатын. Халық жиналысының құқығы мейлінше шектелді, халық жиналысы тек сенат бекіткен заңдарды ғана қабылдай алды. Халық трибундарының құқықтары жекелеген азаматтарды қорғаудан аса алмайтын. Диктатордың тірегі-оның жауынгерлері, олар халық жиналыстарында Сулла мен оның жақтастарының ұсыныстарын қолдады. Рим республикасында өте терең саяси дағдарыс басталды.

Б. д. дейінгі I ғасырда Цезарь Римде принципат белгіледі. I ғасырдан III ғасырға дейін республика органдары сақталса да, олардың дербестігі жойылды. Цезарь сенаторлардың санын 600-ге дейін азайтып, олардың цензін бір миллион сестерцияға дейін көтерді. Сенаттың құқығы кеңейді. Олар заң алатын болды, магистрлардың орнын белгілеп, сот функциясын орындады, принципсті сайлады. Магистрлар принципстің көмекшілері болатын. Диоклетиан императордан дейінгі монархия "принципат" деп аталды. Рим республикасының органдары жұмыс атқарғанымен, олардың әділ шешім шығаратын маңызы жойылды. Магистратуралардың бәрін "принцепс" деген жаңа лауазым адам басқарды. Принципсті бұрын сенат сайлайтын, соңынан бұл қызметті әскери адамдар сайлайтын болды, ақырында бұл қызмет орны әкесінен баласына мұра ретінде берілетін болды. Принципстің белгілі заңды титулы жоқ еді, оны августул, император және принцепс деп атайтын. Принцепс - жоғарғы республикалық магистр қызметін өмір бойы атқаратын, төтенше әкімдік билігі бар адам.

Диоклетиан және доминат жүйесінің пайда болуы

Римде монархияның пайда болуын Диоклетиан деген императордың атымен байланыстырады (284-305). Диоклетиан табиғатынан ақылды, мемлекеттік қызметке қабілетті болды. Жалғыз өзі Рим тәрізді аса зор империяны басқара алмайтынын түсіне отырып, ол өзіне қосалқы әмірші

тағайындады. Диоклетиан көрнекті ірі мемлекет қайраткері қатарынан орын алады. Ол әкімшілік, әскери және қаржы реформаларын жүргізді.

Әкімшілік реформалары. Империяның тұтастығын нығайту үшін Диоклетиан жаңа әкімшілік бөлінісін жүргізді. Италия өзінің ерекше жағдайынан айрылды, империяның бүкіл аумағы 12 диоцезге, ал диоцездер 104 провинцияға бөлінді. Италия Батыс және Шығыс Рим империяларына бөлінді. Әрбірінің басында император тұрды, олардың көмекшілерін цезарь деп атады. Рим империясының екі бөлігінде де ортақ құқықтық тәртіп сақталды.

Әскери реформасы. Әскери реформа Рим әскерін күшейтті. Бүкіл әскерлер 3 санатқа бөлінетін еді: шекара, мобилдік әскері және императорды қорғайтын грегориан гвардиясы. Әскер саны көбейді және тұңғыш рекрут жиынтығы бірінші рет енгізілді.

Императордың жанында мемлекеттік кеңес құрылды. Императордың сарайында көп шенеуніктер жиналып, оларға орталық басқару функциялары берілді. Қалалар мен провинцияларды басқару солардың қолында болды. Императордың сүйенетін жалғыз органы оның әскерлері еді. Әскер басшыларының бәрі императорға бағынды, императорлардың өздері әскерде сайланатын.

Доминат жалпы құл иеленушілік құрылысты нығайтуға бағытталды. Ол бүкіл империяның бірлігін, императордың билігін күшейтіп, бюрократиялық әкімшілік аппаратты гүлдендіруге тырысты.

Батыс Рим империясының құлауы. Жер иеленуші шонжар доминат кезінде өзінің позициясын нығайтып, еркін және тәуелді село халқының түрлі санаттарын қанауды күшейте түсті. Ірі иеліктерде құлдардың қосалқы да маңызы болды. Олар көбіне үй ішіндегі басқа да әсемдік заттар сияқты байлықтың көрсеткіші ғана еді. Қанаудың басты объектісі осы колондар еді. Замандастары колондарды тақыр кедей, сорлы адамдар деп атап, оларды өлшеусіз қанағандығын мойындады.

IV ғасырда колондар еркін адамның азаматтық және саяси құқығынан айырылып, колонның барлық мүлкі мырзаның меншігі деп саналды. Колонның сотта мырзаға қарсы шығуға, еркін кісілермен некелесуге құқығы болмады. Жазалану жүйесі жағынан колондар құлдарға ұқсас еді. IV ғасырдың екінші жартысында жер иеленушілер олардан мемлекеттік салық ала бастады. Бұл акт колондардың тәуелділігін бұрынғыдан да гөрі күшейтіп, оларды қанаудың мүмкіндіктерін ұлғайтты.

Сонымен колондар жерге отырғызылған құлдармен теңесіп шыға келді. Село халқы тәуелділігінің күшеюі нәтижесінде ірі поместьелерде еркін адамдар мен егіншілер өзара жақындаса бастады.

Еркін шаруаларды тәуелді ету тәсілдерінің бірі прекарий еді, жер иелері борышкерлерге жер учаскесін иеленуді белгілі бір міндет атқару шартымен қалдырды.

Император кеңесінде пара алу, қазынаны ұрлау, билік пұрсатын теріс пайдалану етек алды.

Мемлекеттің ішкі қайшылығының көбеюі оның сыртқы жағдайларына теріс ықпал ететіні белгілі. Шығыс провинцияларды парсылар тонаса, Рейн жағынан франктер мен алемандар шабуылдады, Дунайдың арғы жағалауын сарматтар басып алды да, солтүстік Африкадан мавр тайпалары қаптап кетті.

IV ғасырдың аяғында бүкіл варвар дүниесі қозғалысқа келді. Империяның ең қауіпті жаулары готтар болды. Рим мемлекеті кешіп келген готтарға салық төлетіп, оларды жәрдемші әскерге пайдаланды. Римдіктер уәделескен азық-түлікті бермей, готтардың арасында аштық басталды. Готтар көтерілді. IV ғасырдың соңында варварлар мен римдіктердің арасында жиі қақтығыстар болып тұрды. Бірақ рим императорлары олардың провинцияға тереңдей кіргеніне қарсылық көрсете алған жоқ. Олар варварлармен шарт құрды. Бұл шарт негізінде рим үкіметі олардың рим жеріне келіп тұруына рұқсат берді.

Варварлардың рим аумағына кіруі жағдайды жеңілдетті - олар рим халқымен одақ құра бастаған еді. Рим провинциялары аумағында кептеген мөлшерде варварлық елдер мекендеді.

Рим әскері IV ғасырдың аяғынан бастап көбіне рим шекараларына қоныстанған варварлардан және жалақы үшін қызметке жалданған варвар отрядтарынан тұратын. Олар федерат деп аталды. Варвар корольдер мен әскери басшылар бастаған федераттар әскері бірте-бірте Рим мемлекетінің басты әскери күшіне айналды. Рим армиясының командалық құрамы мен император сарайы жоғары шенеуніктерінің арасында варварлардан шыққан кептеген қызметкерлер пайда болды.

Ірі поместьелер жеке колөнер және сауда байланыстары бар оқшауланған шаруашылық кешендеріне айналды.

Мемлекеттік өкіметтің араласуынан босаған шонжар иелігінің иммунитет белгілері көріне бастады. Салықтарды жер иеленушілердің өздері жинайтын. Варварлар арасынан шыққан жалдамалы қарулы отрядтардың көмегімен тәуелді халықты жаншу біртіндеп жүзеге асырылып жатты.

IV ғасырдың 40-жылдарынан бастап тап күресі қайтадан шиеленісе түсті. Рим империясында саяси дағдарыс күшейіп, императордың тағы үшін күрес басталды. Бюрократтық басқару жүйесінің кемшіліктері ашылды. Рим жерінде еркін варварлардың пайда болуы варвар әлеуметтік құрылысының ерекшелігімен санасуға мәжбүр етеді. Жер қатынасына негізделген қауымдардың негізгі көпшілігінің қанауы формальды түрде жұмсара түсті. Рим империясының варварлары өздерінің қоғамдық құрылысына кері ықпал етті. Екіншілікпен шұғылдану және жергілікті халықпен некелесу екіншілік қауымдарының пайда болуына әкеліп соқты. Варвар шонжары байи бастады, мінез-құлықтың римдік ережелерін, римдік өмір салтын игерді, әрі бұл варварлардың өз ортасындағы әлеуметтік жағдайын күшейтті, таптардың құрылып, мемлекеттің дамуына жол ашты.

Рим империясының мемлекеттік құрылымына варварлардың енуі оның ішкі және сыртқы қауіппен күресте дәрменсіздігінің нәтижесі еді. Өзінің өмір сүру жолындағы күресте күштерді нығайту үшін мемлекет варварларды осы күреске тартуға мәжбүр болатын.

Рим империясының варварлануы провинциялардағы сеператистік қозғалысты бұрынғыдан да гөрі күшейте түскені анық. Бұл үстемдік етуші топтардың арасында қайшылықтарды терендетті және едәуір дәрежеде империяның ыдырауын әзірлеп берді.

V ғасырдың басында вестготтардың көсемі Анарих Италияға 3 рет жорық жасады. Вестготтардың батысқа жылжығаны варварлардың арасында жаңа қозғалыс көтерді, 406 жылы вандал мен алан бай елді иесіз қалдырып, бүкіл Галлияны өрт құшағында қалдырды. 406 жылы олар Испанияға, 429 жылы Африкаға келді. Италия мен Римді басып алғаннан кейін Батыс Рим империясы өзінің өмір сүруін тоқтатқан еді. Провинциялар Рим императорына бағынбайтын болды. V ғасырдың екінші жартысында Рим Африканы, Британияны, Панноияны жоғалтты. Шығыстан хунндар Римге келді. Император сарайында қастандық жасау тоқтатылған жоқ.

455 жылы вандалдар Римді қаңыратып, тонап кетті. Вандалдардың бұл шапқыншылығы халық жағдайында ұзақ сақталып қалды. Вандализм адамзат жасаған мәдени және материалдық игіліктерді мән-мағынасыз қиратудың синониміне айналды.

V ғасырдың екінші жартысын замандастары "варварлардың қатал билеп-төстеу" заманы деп атады. Екі жүз жылдан кейін Батыс империясының императорлары тіпті империяда қызметте жүрген варварларға да қарсы тұра алмады. Соғыс қимылдары варвар әскери басшыларының қалауымен жүргізілді. Императорларды сайлау мейлінше күшті де, әскери жетекшілердің ықпалында болды. Олардың өкіметті басып алуы дәстүрге айналды.

50-70 жылдары варвар көсемдері, рим аристократиясы және шығыс императоры арасында Батыс Рим императорларының тағы үшін күрес күшейе түседі. Батыс Рим империясының жалаң аты ғана қалды да, Италияны варварлар таптап кетті. V ғасырда варварлар отрядтарынан тұратын әскерлер жалақы алмай, қоныстануға жер беруді талап етті. 476 жылы өзінің жетекшісі Одоакрді император ретінде жариялады. Одоакр ірі жер иелерінің жерін тартып алып өзінің әскерлеріне және кедейленген иелерге таратты.

Батыс Рим империясының құлауымен бірге құл иеленуге негізделген қоғамдық қатынастар жүйесі - құл иеленуші қоғамдық формация да өмір сүруін тоқтатты. Бұрынғы Рим империясының аумақтарына қалыптасқан мемлекеттер жаңа феодалдық типтегі таптық қоғамдар болатын.

Рим құлиеленушілік құқығы, қайнар көздері, институттары

Рим құқығы. Рим құқығының даму кезендері. Жалпы сипаттама. Римдіктер әлемді 3 рет жаулап алды: бірінші рет легиондармен, екінші рет христиан дінімен, ал үшінші рет құқығымен. "Жазылып қойған сана" деп аталатын Римдік құқықтың классикалық түрін Батыс Еуропада көп феодалдық мемлекеттерде қолданылатын. Ол көп мемлекеттердің құқық

жүйесінің негізін қалады. Бұл құқық жүйесі континенталды және романдық-германдық құқық жүйесі деп аталады.

Рим құқығының мықтылығын дәлелдейтін факторлар көп. Біріншіден, Рим империясы құл иеленушілік мемлекеттердің арасындағы ең ірі, соңғы, күшті мемлекеттердің бірі болып табылады. Рим империясы көрші мемлекеттерді өзіне бағындырып, солардың саяси тәжірибесін, құқықтық құжаттарын, сот практикасын, саяси санасын өз өміріне бейімдеп, өзіне тән ерекше құқық жүйесін құрды. Римде преторлардың, патрицийлердің және перегриндердің істерін қарау екі түрлі болды. Сондықтан басқа мемлекеттердің құқықтық әдеттері, принциптері, белгілері, құқықтық тәжірибесі Рим құқығына көшіп, оған әсерін тигізді. Спарта, Афины, Сирия және басқа мемлекеттер Рим империясының құрамына еніп, оның провинциясына айналған еді. Сондықтан Рим империясының заңгерлері осы мемлекеттердің құқық дамуының нәтижелерін пайдаланды.

Сонымен бірге Римнің мың жылдық тарихы оның құқықтық дамуын бүкіл әлемдік тарихи маңызды оқиғаға айналдырып жіберді.

Римде құқықтық жүйеге, заңгерлерге көп көңіл бөлінді. Бұл қызмет иелеріне ерекше құрмет көрсетілді. Гай, Павел, Ульпиан, Модестин, Папиниан - Римнің ең күшті заңгерлері қатарынан саналды.

Рим құқығы дамуының өзіндік ерекшелігі болатын. Олар құқық көп өзгермеу керек деп санайтын. Құқықтық нормаларды тек ешкім қолданбаған жағдайда ғана жоятын еді. Рим заңгерлері асығыс қабылданған және көп өзгертін заңдар құқықтық тәрбиеге әсерін тигізеді деп есептейтін. Сондықтан заң шығару жұмысы құрметті де қиын жұмыс ретінде бағаланатын. Оған көп көңіл бөлініп, көп уақыт жіберілетін. Әрбір заң сол заңды ұсынған адамның атымен аталатын. Жақсы заңдары көп шығарған адамдар өте сыйлы, мәлімді қызметкерлер болып есептелді.

Халық жиналысы заңдарды қабылдағанда оған тек қана "аламыз", "алмаймыз" деп дауыс беретін. Бүкіл Римнің тарихынан өткен заң-12 кесте тақтаға жазылған заңдары. Бұл заң б. д. дейінгі V ғасырда қабылданған, бұны Римнің Корпус Юрис Цивилис деген кодексіне де кіргізген еді. Бұл құқықтық құжат он бір ғасыр қолданылды. Ол Рим құқығының негізі болғаннан кейін заңдылықтың мықтылығын, тұрақтылығын көрсету үшін, дәлелдеу үшін сақталған.

Рим құқығы квинит құқығы ретінде пайда болған. Квиниттер-Рим азаматтары, патрицийлер еді. Квинит құқығы тек қана Рим азаматтарының құқығы болып саналды. Бұл аксиома ретінде бекітіледі. Рим азаматтарының және перегриндердің қарым-қатынастарын реттейтін құқық-халық құқығы. Рим құқығының схемалары, ішкі құрылысы, терминдері, түсініктері көп мемлекеттерде қолданылды. Оның қайта жаңғырып, гүлденуі, қолданылуы, қайта дамуы, жандануы рецепция деп аталды.

Рецепциямен Рим құқығы феодалдық мемлекеттердің тәжірибесіне кірген болатын. Одан кейін ол буржуазия кодификацияларына кіріп, Германия, Франция, Италияның кодекстері арқылы бүкіл дүние жүзіне

тараған. Ең күшті кодекстерінің бірі - Наполеонның 1804 жылғы азаматтық кодексі.

Қазіргі азаматтық заңдарды терең түсіну үшін Рим құқығының негізгі белгілерін, түсініктерін, терминдерін білу керек. Рим құқығының негізі (сапасы) бүкіл буржуазиялық азаматтық - құқықтық теорияға сіңісіп кетті. Қазір көп қолданылатын терминдердің, түсініктердің пайда болған уақытын білу арқылы олардың шын маңызын да анықтауға болады.

Рим құқығының заңгерлік техникасын, тілін, ішкі құрылысын заңгерлердің білгені жөн. Рим құқығының тарихымен танысу арқылы құқық қалай пайда болады, өзгереді, қандай кезеңдерден өтеді, өзінің ішкі мазмұнын қалай өзгертеді, сыртқы нысаны қалай дамиды деген жалпы мәселелерден мағлұмат алуға болады. Рим құқығы жеке меншік үстемдік еткен қоғамдық құрылыстардың ең жақсы нысаны.

Рим құқығымен терең айналысқан ғалымдар оның сан ғасырлық тәжірибесін өте жоғары бағалады. Рим құқығы дамуының жоғары сатысы құқықтың жоғары нысаны болып қалды.

Республика түрінде өзінің проблемаларын шешіп, демократиялық әдістерді, институттарды қолданып жатқанда Рим мемлекеті құқығының даму деңгейі төмен болды. Құқықтардың сол кезеңін біз ежелгі құқық кезеңі деп белгілейміз. Оның негізгі қайнар көзі 12 кесте заңдары құқық нысандары болып қалған.

Рим мемлекеті империяға айналып, әлсіреп, ыдырай бастағанда құқық жоғары дәрежесіне көшеді. Рим құқығының ең маңызды құжаты - Корпус Юрис Цивилис Византияда VI ғасырда пайда болған. Бұл Батыс Рим империясының құлаған кезеңі.

Рим құқығының негізгі белгілері. Рим құқығының негізгі белгілері – жеке меншіктің неғұрлым абсолюттық құқығын бекіту болып табылады. Бұл тауарлы ақша қатынастарының жоғары деңгейіне байланысты. Рим құқығы құлдарға да толық жеке меншікті бекітіп берді. Рим құқығының келесі белгісі - оның прогрессивтік-консервативтік сипаты. Рим құқығы жылдам өзгеріп, жаңа қарым-қатынастарды өз уақытында жөнге салып тұрады. Ол өзінің ішінде ескі заңгерлік институттарды, манципация, квирит, нексум сияқты нысандарды көп уақыт сақтайтын.

Римде тек қана заң қызметкерлері емес, бүкіл құқық сыйлы болатын. Құқыққа осындай көзқарастағы қоғам көбінесе дұрыс шешімдерді сақтап отырды. Ол құқық нормасын бұзуға, жоюға, асықпады.

12 кесте заңдары ата-баба құқығы ретінде жұрттың бәрі көретін көрнекті жерге қойылатын. Ол заңдарды ешкім "мен оқымадым, мен білмеймін" деп айта алмайтын еді. Жаңа құқық нормасын шығарып жатса да, оның бұрынғы атын, негізгі нысанын сақтауға тырысатын. Бұл әрбір Рим азаматы құқық мықты, тұрақты, жеке адамның құқығын, мүддесін қорғайды деп сену үшін істелген нәрсе.

Рим құқығы өте динамикалық құқыққа жататын. Бұған себеп бірнешеу. Сот тәжірибесінде қатысты құқық преторлардың жұмысымен байланысты болды. Олар теорияға ұмтылмайтын, сот істерін дұрыс шешіп, соған түсінік

бергісі келетін. Бірақ преторлардың тәжірибесінен шыққандықтан, Рим құқығының теориясы да өте күшті еді. Заңгерлердің білімі өте жоғары болатын. Істеген қызметтері де сыйлы еді. Заңгерлердің арасында бәсеке қызып жататын.

Рим құқығының негізгі кезеңдері. Рим құқығының бірінші кезеңі – квириг құқығы. Қоғамның әлеуметтік-нарықтық құрылысы айтарлықтай емес еді, сондықтан құқықтың нысаны өте қарапайым жағдайда болды. Квириг құқығының негізгі белгілері-ішкі тәртіпсіздікті түзету, діни нормалар мен бірлікте болу, бұрынғы заңдармен, әдеттермен байланысты үзбеу еді. Құқық әлі салаға бөлінбейтін. Оның діни рәсімі, дәстүрлік жоралғы сипаттары сақталды. Құқықтық нормалар жалпылама шығарылды, сондықтан ол өте нақтылы, жетілмеген болатын. Квиригтердің құқығы преторлардың құқығымен қатар дамыды.

Ежелгі Рим құқығының мұрасының ең маңыздысы 12 кесте заңдары. Бұл құқықтық құжаттың қабылдануына плебейлер мен патрицийлердің күресі әсерін тигізді. Плебейлер патрицийлердің сотын осы заң бойынша тәртіпке келтірді және өздерінің құқығын қорғады.

Бұл заң б. д. дейінгі V ғасырда қабылданды. Бұл цивилдік құқықтың мұрасы болып табылады.

Бұл құқық бүкіл Римнің зат-мүліктерін манципацияға жататын және манципацияға жатпайтын деп екі түрге бөледі.

Манципацияға жататындар: жер, құл және мал, қалғандары жатпайтын заттар.

Манципация сатушы және сатып алушы, өлшеу және бір кесек жезі бар таразышы және 5 куәгер, Римнің толық құқылы азаматтары. Сатып алушы қолын иыққа қойып: "Мен Рим заңдары бойынша 1000 құлды осы жерден сатып алдым" - дейді. Сатушының үндемей тұрғаны келісім бергені деп есептеледі. Жезді өлшеуші өлшеуіштің табағына зат лақтырады, келісім жасалды деп саналады. Осы айтылған процестің бір рәсімі орындалмаса, келісім заңды емес. Мұның өзі Рим құқығында ұсақ формализмнің көп екенін көрсетеді.

Жер бүкіл Рим қауымының меншігі болып саналды. Сондықтан оны сату үшін осындай күрделі манципация процесі керек еді. Қауым жерге, құлға, малға қатысты келісімдерді қадағалайды. Басқа заттардың бәрін еркін сатуға болады. Олардың құны да жоғары.

Нексам-құлдық борыш. Бұл құлдықты да жезбен баянды етеді. Қарызын төлей алмаған азаматқа сот шешімі бойынша бұғау кигізіледі. Өсімқор қарыз алушы адамды үйіне алып кетіп, 3 жексенбі басты базарға шығарып, қарызын төлейтін туысқандарын және жолдастарын іздейді.

Содан кейін оның қарыз алушыны елтіруге құқығы бар. Б. д. дейінгі IV ғасырда осы Петелий заңы жойылды. Ендігі кезде қарыз алушы өзінің мүлкімен ғана жауап беретін болды.

Некелік қарым-қатынастар ерекше. Оның екі түрі болды. Некеліктің бірінші түрі - отағасыға бәрі бағынады. Шаңырақтың мүлігі ұжымдық меншік, оған әкесі ғана иелік етті. Бүкіл агнаттар әкесінің мұрагерлері бола

алды. Әйел адам жұбайына бағынды. Некенің екінші түрі - сине ману, манципациясыз. Мұнда ерлі-зайыптылардың құқығы тең. Әйелі жылына бір рет 3 күнге қашып кетуге тиісті, сонда өзінің бостандығын, құқығын тендігін сақтайтын болған.

Қылмыс құқығы оның жасалуына қарай ерекшеленген. Ұрлық жасағандар, үйді өртегендер, егін, мал ұрлаған қылмыскерлер өлім жазасына кесілді. Түнде ұрлық істеген адамды ең алдымен ұрады, содан кейін жәбірленушіге құлдыққа береді. Деликттер - адамды ұру, тіл тигізу, дене мүшесін зақымдаушылық. Адамды өлтіру туралы ештеңе айтылмаған, бұл жағдайда қанды кек алу қолданылатын болуы да мүмкін.

Дене мүшесін зақымдаушылық басына, денесіне ұру - 300 асс, басқа жерлеріне-25 асс айып салумен жазаланған.

Адамдарды түн ішінде жинау, жауды Римге соғыс ашу үшін дайындау, сот қызметкерлерінің пара алуы, қоғамдық тәртіпті бұзу мемлекетке қарсы жасалған қылмыстарға жатады.

Рим құқығының кодификациясы. Римде кодификацияның басталған уақыты рим құқығының белсенді дамуының құлдырауымен тұспа-тұс келеді. Құқық бұрынғыдай жедел дамуын тоқтатты. Сондықтан құқықтық нормалардың саны сапасына көшетін болды. Империя кезінде бүкіл толып жатқан императорлардың басқару актілерін бір жүйеге келтіріп, тәртіпті, қатаң формада үстемдік ететін құл иеленушілік топтың ерігін бекіту керек болды.

Маңызды кодификацияның бірі – Батыс Рим империясы құлағаннан кейін Византияда император Юстинианның жасаған кодификациясы. Азаматтық құқық жинақталған бұл құжат "Корпус Юрис Цивилис" деп аталатын. Юстинианның алдына қойған мақсаты – бүкіл Рим құқығының актілерін жинап, оны қайта жөндеу еді. Юстиниан (527-568) архаизмдердің бәрін жою, құлиеленушілік құрылысты баянды ету және шексіз монархияны бекіту бағытында жұмыстар жүргізді.

Кодификация жұмыстарын басқарған Трибониан, ол император кеңесінің бастығы Феофил-Константинополь құқық мектебінің профессоры. 524-534 жылдары 3 жинақ дайын болды. Олар Институциялар, Дигестер және Пандектер, Юстинианның кодексі, Юстинианның бұйрықтары "Новеллалар" - деп аталды.

Гайдың институциясы. Адамдар үшін түсінікті, ең жақсы, қарапайым және сұлу бай тіл Гай деген заңгердің тілі болды. Ол өзінің еңбектерінде Рим құқығының маңызды тұстарын ашып көрсетті. Еңбектерінің құрылысын – жай адамдар, заттар, міндеттемелер деп үшке бөлді. Институциялар 4 кітапқа, кітаптар титулға ал титулдар параграфқа бөлінді. Үзінділер мынадай тәртіппен алынды: әріп, кітап N, титул N, параграф.

Дигестер. Бұл Корпус Юрис Цивилистің ең үлкен бөлімі (530-533), бұған Римнің ең маңызды 40 заңгерінің еңбектері енгізілді (Квинт Муция Сцеводан 1 ғ. Харцийге дейін IV ғ) 1570 кітаптан үзінді алынды. Олардың ішінде ең маңыздылары Ульпиан мен Павелдің еңбектері деп есептелді. Римнің ең ақылды заңгерлері-Гай, Папиниан, Павел, Ульпи-ан, Модестин.

Юстиниан кодексі. Императорлардың ресми жарлықтары. Юстинианның өзі шығарған 50 жарлығы осы жинаққа енді. Жарлықтардың негізгі мақсаты – бұрынғы императорлар шығарған жарлықтардың арасындағы қайшылықты жою болды. Жарлықтар ретке келтірілді. Сөйтіп, кодекстің жаңа редакциясы шығарылды. Сол кодекс біздің заманымызға дейін сақталып, бүгінде Юстинианның еңбектерімен танысуға мүмкіндік беріп отыр.

Новеллалар (қосымша) Юстианның өзі шығарған бұйрықтардан құрастырылды.

Римнің меншік құқығы. Республиканың соңғы ғасыры және империяның II-III ғасыры Рим классикалық юриспруденциясының гүлденген кезеңі. Рим құқығының формализм принциптері ұмытыла бастады. 12 кесте заңдарының орнына бүкіл халықаралық құқық қолданысқа енді. Оны перегриндердің преторлары құрады. 12 кесте заңдарының орнына жаңа құқық нормасы шықты. Бұдан 12 кесте беделі төмендеген жоқ, жаңа нормалар оларға қарама-қарсы сипатта болса да, формуляр процесі сақтала берді. Претордың жазған формуляр қағазы көп құқығы, бостандығы жоқ сот қызметкерлері үшін міндетті болды.

Сөйтіп, жеке меншіктің жаңа нысаны – претордың жеке меншігі пайда болды. Бұны қорғайтын преторлардың өзі. Сөйтіп манципацияға жататын, жатпайтын заттардың арасындағы айырмашылық жоғалды. Преторлар эдиктарынан басқа императорлардың бұйрықтары, сенаттың қаулылары, заңгерлердің консультациялары Рим құқығының қайнар көздері болды.

Ендігі жерде Римдегі құқық жеке адам құқығы және бұқаралық қоғамдық құқық болып екіге бөлінді.

Меншік құқығына Рим заңгерлерінің берген түсініктемесі көптеген буржуазиялық кодификацияларда қайталанып келді. Олар меншік құқығын затты абсолютті түрде иелену және пайдалану деп түсінді. Ал ол заттың пайдасын көру, басқару – иелік істеу, заттың тағдырын шешу деген сөз. Зат иесі затты жоюға дейінгі құқыққа ие. Алайда жеке меншік иесінің құқығы қаншама ауқымды болса да, ол басқалармен де санасуға міндетті. Сондықтан жеке меншік иесінің құқығы шектеулі. Құқықтың шектелуі сервитут деп аталады. Сервитуттың екі түрі бар: жеке сервитут және заттар сервитуты. Бұл басқа жер учаскесінен су өткізу, жол салу, құбыр салу, мал айдау.

Жер сервитуті жеке адамға берілген, мысалы, бір адам баласын асырап бергені үшін туысқанына үйінің бір бөлмесінде тұруға рұқсат еткен. Үйдің иесі өзгерсе де, адам тұра береді. Өйткені оның сервитуті – жеке сервитут.

Сервитуттар қала және ауыл сервитуті болып бөлінеді.

Жеке меншік құқығына ие болудың 2 әдісі бар: бастапқы әдіс және туынды әдіс.

Бастапқы әдіс. Бастапқы әдіс дегеніміз – жеке меншікке иелік бұрынғы иелікке қарамай белгіленіп, иесі жоқ затты алу әдісі, оккупация. Заттың бірінші иесі кім болса, зат соның жеке меншігі болады. Затқа кім көп

уақыттан бері ие болса, соның жеке меншігі болып табылады. Бұл шарттарға келесі жағдайлар қажет:

1. Затқа ие болу;
2. Адал, ақ ниетпен ие болу;
3. Занды түрде ие болу;
4. Иелік мерзімі 10-20 жыл;
5. Иеленген затты осындай әдіспен алуға болатын. Сатуға болмайтын жағдайлар да кездесетін. Неше жыл иеленсеңіз де, ұрланған заттар жеке меншікке көшпейді.

Ерекшелік – бір заттан басқа зат жасау немесе екі затты қосып жасау.

Туынды әдіс:

1. Затты бір адамнан екінші адамға беру;
2. Заттың иесі екінші адамға өзінің затын беруге еркі бар;
3. Бір адамнан екінші адамға заттың көшуі заңды;
4. Заттың иесі екінші адам болады деген екі жақтың келісімі болуы керек;
5. Затты бір адамнан екінші адамға беруге болады.

Жекеменшік құқығын тоқтату:

1. Зат жойылғанда;
2. Заттың иесі жеке меншік құқығынан бас тартса;
3. Заттың иесін оның еркіне қарамай құқығынан айырса, жеке меншік құқығы тоқтатылады.

Міндеттеме құқығы. Міндеттеме-құқықтық бұғау. Мұның мәні заң бойынша әрекет ету керек дегенге жатады. Міндеттеме бойынша екі адам бір-біріне жұпталады. Он екі таблица заңы бойынша адамға кәдімгі бұғау кигізетін еді. Уақыт өте келе бұл байланыстың түрі экономикалық байланысқа өтті.

Бұл байланыс екі жақтың сеніміне негізделді. Сенім көрсететін адам - өсімқор, ал міндетті жақ қарызды деп аталады.

Міндеттеменің негізі: шарт пен деликт.

Шарттар вербалдық, литералдық, (реалдық) нақты, консенсуалдық деп бөлінді. (Верба-сөз). Вербалдық шарт ауызша жасалды. Литералдық шарттар-жазбаша түрі. Реалдық шарттар бойынша зат бір жақтан екінші жаққа берілгеннен кейін ғана күшіне енді. Консенсуалдық шарт бойынша ол міндеттеме қабылданғаннан кейін күшіне енді. Бұл әдет бойынша заттың берілгені немесе берілмегені есепке алынбады.

Реалдық келісім шарттар.

1. Қарыз. Бұл шарт бойынша бір жақ екінші жаққа ақша береді. Екінші жақ уақыт өткеннен кейін сол ақшаны, затты қайтып беруге тиіс;

2. Несие шарты. Бұл шарт бойынша бір жақ екінші жаққа уақытша пайдалану үшін белгілі бір жеке затты береді де, екінші жақ уақыты өткеннен кейін сол затты қайтарып береді. Ол затты сол күйінде сақтауға тиіс;

3. Затты сақтау шарты;

4. Тасу, көшіру шарты.

Консенсуалдық шарттар. Алып-сату шарты. Бір жақ екінші жаққа меншікке затты беруге, ал екінші жақ ақысын төлеуге міндетті.

Жағдайлары: шартта заттың бағасы, сапасы туралы айтылу керек. Сатушы заттың сапасына жауапты, сатып алушы заттың бағасын төлеуге міндетті. Зат зақымданып, бүлініп жатса, жауапты адам сатушы.

Жалдау шарты. Затты жалдау, жұмысты жалдау. Жіктеу шарты. Жолдастық, серіктік шарты.

Меншік құқығын қорғау.

Виндикация – талап меншіктің иесінен затты басқа біреу алып кетсе, оның өз затын іздеуге және қайтарып алуға құқығы бар. Бұл негіз екі жаққа да қатысты: 1. Заттың иесі, оның қолында заты жоқ. 2. Заттың қазіргі иесі, ол ақ ниетті немесе адал емес.

Затты адал ұстау жауапкершілігіне тек қана келісімге келген күннен бастап тартылады. Заттың иесі алушыға бүкіл істеген жұмысы үшін ақша төлейді.

Виндикация іздеуі. Ие болу құқығы бұзылса, заттың иесі өзінің затын бөтен адамның қолынан тауып алса, виндикация жолымен қайтарып алуға құқығы бар.

Негаторлық талап арыз-пайдалану, билеу құқығы бұзылса және шектелгенде қолданылады. Бұл жағдайда зат иесінің қолында болады, бірақ ол оны заң бойынша пайдалана алмайды, себебі, біреулердің әрекеті зат иесіне кедергі болады.

Қорытынды

II ғ. ортасында Римде антагонистік екі тап – құлдар мен құл иеленушілер түпкілікті қалыптасты. Олардың арасындағы шиеленісе түскен алауыздықтар құлдардың ірі – ірі көтерілістерін туғызды. Қала мен село плебстерінің саяси белсенділігі артты. Римнің қала – мемлекеттен аса ірі мемлекетке айналуы полистық ұйымды дағдарысқа ұшыратты. 138 – 132 ж. құлдардың I – Сицилия көтерілісі бұрқ етті. Көтеріліс нәтижесінде азаттық алған құлдар өз мемлекетін құруға әрекет жасады. Рим әскерінің күшімен басылған көтеріліс 104 – 99 ж. тағы да қайталанды. Бұл қозғалыстарға Жерорта теңізінің шығыс жақ бойындағы құлдар үн қатты. Ірі жер иеленушілік, шаруалардың қайыршылық күйі село плебстерінің арасында революциялық қозғалысты кең өрістетті, Рим көшелерінде алғашқы азамат соғысы басталды. II ғ. 30 – 20 жылдарында ағайынды Гракхтардың демократиялық реформаларын жүзеге асыру жолындағы күрес күшейді. 91 ж. халық трибуны Ливий Друз Г. Гракхтың италиктерге құқық беру туралы ұсынысын қайта көтерді. Бұл заң жобасының сенатта қабылданбауы, Друздың өлтірілуі Одақтастар соғысына (б.з.б. 90 – 88) – Римге қарсы жалпы италиялық көтеріліске түрткі болды. Римдіктер жеңіске жеткенімен, италиктерге кейбір азаматтық құқықтар беруге, іс жүзінде Италияның барлық тұрғындарын Рим азаматтық қауымының құрамына енгізуге мәжбүр болды. Б. з. б. II ғ. соңғы ширегінде қалыптасқан Римдегі негізгі екі идеялық – саяси ағым – популярлар мен оптиматтар арасындағы күрес шиеленісе түсті.

Рим мемлекеті әлемді мынандай үш затпен жаулаған олар: христиан діні, әскери легиондары және заңдарымен. Рим құқығы – бұл Ежелгі Римдегі құлиеленушілік жүйесін құқықтық реттеудің «принцепат» дәуірінде дамыған шынайы тарихи көрінісі. Рим құқығы екі бөліктен тұрады: жария және жеке құқықтан Жария құқығы тараптардың арасындағы міндетті өзара билік жүргізу негізіндегі қатынастарды құқықтық реттеуші нормалардан тұрған. Ал жеке құқық тараптардың теңдігіне негізделген мүліктік қатынастарды реттеуге арналған.

Рим құқығы мынандай негізгі институттардан тұрған:

Ежелгі Римдегі тұлғаның құқықтық статусы;

Ежелгі Римдегі неке және отбасы қатынастары;

Ежелгі Римдегі заттық құқық;

Ежелгі Римдегі міндеттемелік құқық;

Ежелгі Римдегі мұрагерлік қатынастар

Рим құқығының жүйесі – дегеніміз рим жеке құқығы нормаларының белгілі бір топтарға бөліну тәртібі. Теориялық тұрғыда рим құқықтық нормалар жүйесін екі топқа бөледі, олар: пандектілік және институционалдық. Пандектілік топқа: заттық құқық, міндеттемелік құқық, неке және отбасылық құқық, мұрагерлік құқық бөлімдерінен тұрады, ал институционалдық топ: құқық субъектілері, заттық құқық, міндеттемелік құқық және мұрагерлік құқықтан тұрады.